

А.А. Курманбаева¹, С.Ж. Мухаметкалиева², Ж.Т. Әлмiш³

«Тұран» университеті, Қазақстан, Алматы қ.

¹e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

²e-mail: vip.muhametkalieva@mail.ru

³e-mail: zalmish@mail.ru

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Мақаланың мақсаты. БАҚ-тың билік саласында тура мағынасындағы орны болмағанымен, оның саясат пен идеологиядағы рөлі аса жоғары. Оның қызметі болған және болып жатқан, алдағы уақыттарда болатын түрлі жағдайларға, тәжірибелі негіздерге қарай отырып, қоғамдағы өзгерістерге алуан көзқарас қалыптастыруға жол ашады. Соның ішінде баспасөз мемлекет саясатының функцияларын ашып айтуда, редакция қызметінің шығармашылық-техникалық күшін идеология арнасына бұруда аса қауқарлы. Қазір әлемде БАҚ-тың адамгершілік құндылыққа емес, сауда мен өндіріске негізделу үрдісі жүріп жатыр. Бұл торапта зерттеу мақаласы өте маңызды тақырыпқа құрылған. Нарық кеңістігінде ұлттық идея баспасөз беттерінде жалпыхалықтық сипатқа ие бола алады. Сондықтан, БАҚ контенттері мен мақала-толғамдарды компоративті зерттеу әдісімен қарастырып, мақалада ұлттық және жергілікті баспасөздің елімізге, мемлекет мүддесіне қызметі зерделенеді.

Негізгі нәтижелері. Зерттеу мақаласында баспасөз бетіндегі ұлттық идея тақырыбының негізгі қазығы болған «Қазақ» газеті мен тәуелсіздік алған кездерден бастап жарық көрген басылымдар мен көркем еңбектерге, ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, ондағы тақырыптар ғылыми негіз ретінде назарға алынған. Мақаладағы зерттеулер қазақ публицистикасының қай заманда болмасын дәуір үні болып, өзінің негізгі қызметінен жаңылмай келе жатқандығын көрсетеді.

Зерттеудің өзектігі. Газет-журналдардағы тіл мен діл, ұлттық рух, салт-дәстүр, ұлттық сана мен мемлекеттік саясат тіркестері жаңа заман көзқарасында бағаланып, ұлттық журналистика тарихындағы елеулі тақырыбы ретінде айқындалуы тиіс. Сол себептен мемлекеттік саясатты жасаушы тұлғалар мен олардың басылым беттеріндегі көзқарастары, өзіндік шешімі мен ұсыныстары, егемен шақтағы өзектілігі өміршең қазақы ұлт сипатының тұжырымы мақалада жиынтық қорытындыланып, қазақ баспасөзіндегі мемлекеттік саясат мен ұлттық идея мәтіндерінің хроникасы жасалды. Автор төл публицистикамызда кесек пікірімен, ақылға қонымды пікірімен бұқараға үндеу тастап жүрген азаматтарды жас ұрпаққа үлгі ретінде танытып, туындыларының лайықты бағасын саралауды орынды санап, табысты талдаған. Баспасөз бетіндегі тартысты, тағлымды мақалаларды, есеп пен сараптамаларды ақпараттық категориялардың өлшеміне салып, теориялық еңбектер арқылы дәлелдеген.

Түйін сөздер: БАҚ, ұлттық идея, саясат, билік, қоғамдық пікір, баспасөз.

A.A. Kurmanbayeva¹, S. Mukhametkaliyeva², Z. T. Almish³

University of «Turan», Kazakhstan, Almaty

¹e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

²e-mail: vip.muhametkalieva@mail.ru

³e-mail: zalmish@mail.ru

Public policy and national idea in the Kazakh press

The purpose of the article: Despite the fact that the media did not have a place in the direct sense in the field of power, its role in politics and ideology is very high. In particular, the press reveals the functions of state policy, and assigns the creative and technical power of editorial activity to the channel of ideology. Now the world is in the process of basing the media not on moral values, but on trade and production. In this node, the research article was based on a very important topic. A national idea on the market can be popular in print publications. Therefore, the work, constructed by the method of

comporal research, examines the activities of the national and local press in the interests of the country and the state.

Main results. In his research article "Kazakh", which became the main theme of the national idea on the pages of the press, a review of publications, works of art, scientific literature that have been published since independence, topics that were taken into account as a scientific basis. The research in the article shows that the Kazakh journalism has become the light of the era since then and does not lose its main activity.

Relevance of the study. The language and hearing in Newspapers and magazines, the national spirit, traditions, and the combination of public policy should be evaluated in the light of modern times and identified as an essential topic in the history of national journalism. With the help of theoretical works, including in the field of information categories, I put the most relevant articles, reports and examinations in the size.

Key words: Mass media, national idea, politics, power, public opinion, press service.

А.А. Курманбаева¹, С.Ж. Мухаметкалиева², Ж.Т. Альмиш³

Университет «Туран», Қазақстан, г. Алматы

¹e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru

²e-mail: vip.muhametkalieva@mail.ru

³e-mail: zalmish@mail.ru

Государственная политика и национальная идея в Казахской прессе

Цель статьи: несмотря на то, что СМИ – не властная структура в прямом смысле, их роль в политике и идеологии достаточно высока. В частности, пресса раскрывает функции государственной политики, посредством скоординированной редакционной деятельности отводит идеологии значимое место. Сейчас в мире идет процесс базирования СМИ не на нравственных ценностях, а на торговле и производстве. В этом смысле исследовательская статья приобретает особую актуальность. Национальная идея на рынке может носить всенародный характер в печатных изданиях. Поэтому на примере произведений, с использованием метода компарального исследования, изучается деятельность национальной и местной прессы в интересах страны, государства.

Основные результаты. В исследовательской статье был проведен обзор публикаций, художественных трудов, научной литературы по теме национальной идеи, которые были изданы с момента обретения независимости. Исследования в статье свидетельствуют о том, что казахская публицистика со времён основания является светом эпохи и не теряет своего основного предназначения.

Актуальность исследования. Язык и стиль газет и журналов, национальный дух, традиции в сочетании с государственной политикой должны быть оценены в свете нового времени и определены как актуальные темы в истории национальной журналистики. С помощью теоретических трудов, в том числе и в области информационных категорий, определены наиболее актуальные статьи, отчеты и экспертизы.

Ключевые слова: СМИ, национальная идея, политика, власть, общественное мнение, пресс-служба.

Кіріспе

Ақпараттық тасқын мен мұңдалаған ХХІ ғасырға адамзат баласы аса елеулі жеңістерімен, жетістіктерімен, жаңашыл әлеуметтік-саяси, экономикалық батыл шешімдерімен, меритократиялық қадамдарымен енді. Қазіргі жаһанданған әлемде біз моральдық құндылықтар жүйесі дағдарысының куәсі болдық (National idea, 13 қаңтар). Индустриалды қозғалыстар, түрлі медиаплатформалар арасындағы өзара бәсекеге құрылған мәдени-ақпараттық ықпалдастық, адамзаттық және мемлекетаралық мүдде қайшылығы жұмыр жерді буып тұрған

жаңашыл конвергенті құбылысқа айналды. Дәл осы жалпыөркеніеттік үрдіспен қоғамдағы журналистиканың деңгейі артып, постиндустриалды кеңістіктегі жалпыадамзаттық игіліктерге журналистика қол созу арқыды қол созу аңдалды. Жазушы Дам Ребека Уест бір сөзінде адамға қос жанары көру үшін қаншалықты қажет болса, жаңалық та соншалықты қажет екендігін (Encyclopaedia Britannica, қаңтар) атап айтты. Осы ретпен әлемдегі проблемалардың көп түйіншекті шешімі, тақырыпқа орайласқан, тақырыпқа қатысты жүргізілген журналистік зерттеулерде нақтыланған ұсыныстар ақпарат ағымының күзиретімен көпшілік буынға тарайды.

Әлі де болса, оқырмандар жаһандық жаңалықтар мен саясатта тез өзгертiн құбылыстарды терең түсiнудi армандайды, ойын-сауық оқиғаларынан басын ала қашпағанымен, талдау мақалаларын қажет етедi (BBC News, желтоқсан, 2019). Ал осы кезекте журналистика ұлттық мұрат шеңберiнен бөлек, халықаралық ұйымдар, әлемдiк одақтар қабылдап, мақұлдаған, бекiткен құжаттар, конвенциялар, этикалық дерекнамаларда көрсетiлген мағлұматтар мен заңдылықтардың негiзiнде ақпарат жолдай бастады. Әлемдiк журналистика уысындағы газет-журналдар, теле-радио нысанындағы жаңалықтар мен ақпараттарының мазмұнында жаңа саяси жаңалықтар, дүниежүзiлiк мәселелер, мемлекетаралық қарым-қатынас пен халықаралық байланыстар тiзбектелдi. Журналистика саласының майдангерлерi ақпарат таратудағы ұзын-сонар мәтiндiк, тезге түскен шаблондық ақпарат тарату формасынан алыстап, әдiс тыңайып, конвергенттi әрi ықшам қалып жетекшi принципке айналды. Халықаралық нарықтағы «Ақпаратты бұрмалаушы қоғамның» өсуi 1800 жылдардағы баспасөздiң ертерек коммерциалануына дейiнгi американдық медиа жүйенiң тарихи және эндемикалық әлсiздiгiнiң белгiсiнен хабар бередi (Victor Pickard Democracy without Journalism?, 2 қаңтар 2019). Сондықтан, журналистика бейтарап ақпарат тарату кредосымен, редакция қызметiнiң демократиялық ұстанымдарымен ашық селбестi, бұл жағдайда, оны түбегейлi ұлттық мұрат пен мемлекеттiк идеологияға таңылған тiнi жiгерлендiру, аудиторияны ортақ мүддеге қатысты жұмылдыруға ғана емес, мемлекеттiк саясат пен оның құрамдас бөлiсi есебiндегi ұлттық идеяны реформалаудың да iлгегiн тiзбектедi. Тарихи хроника есебiнде алғаш журналистиканың iлгерiлеуi, дамуына анықтама берiп, ақпараттар тоғысын барлаған Отандық ғалым, зерттеушi Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Оның ғылыми ортада мақұлданып, көпшiлiктiң санасына сiңiскен «Газет – халықтың көзi, құлағы, және тiлi» деген көзқарасы бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пiкiр қалыптастырумен шектеледi деген пiкiрiне сайып қана қоймай, БАҚ-тағы баспасөз қызметiнiң прогрестiк мәнiнен көп жетiстiктердiң болмысы мен сипатын аңғарудан пайда болған түйiнi едi. Себебi, тарихи дискуссия алаңында «Айқап», «Қазақ», тiптi, «Тiршiлiк» газетiнiң өзi мемлекеттiк саясат пен ұлттық идеологияға қызмет етiп жатқандықтан, қазақ публицистикасындағы азаматтық айқын

үн – қазақ идеологиясын жиынтықтаудың басты қайнары болды. Тәуелсiздiк алған жылдары аталмыш басылымдардың iзiн ала мемлекеттiк саясат пен ұлттық идеяға қызмет еткен баспасөздердiң саны артып, тәуелсiз санадан тұтанған ұлттық идеология қазақ баспасөзiнiң негiзгi мазмұнын құрады.

Қазiргi уақытта ақпараттық технология мүмкiндiктерiнiң барған сайын тынысы ашылып, журналистер қауымы неғұрлым жедеғабыл ақпарат тарату мүмкiндiктерiне ие болуда. Бұқаралық ақпарат құралдары барлық уақытта елдестiру, мемлекет арасындағы қатынастарды нығайту, халықтар арасында тығыз дипломатиялық қарым-қатынас, әбжiл байланыс орнату, мәдени ынтымақтастық және экономикалық-саяси аумақты кеңейтуде, жалпы адаматтық бағалы құндылықтарды тарату мен насихаттауда, сәйкесiнше әлеуметтiк топтардан бастап, қос мемлекет арасына көлеңке түсiруде орасан зор рөлге ие болғаны белгiлi. Себебi, ғылыми анықтама бойынша: коммуникация кеңiстiктi бiрiктiрiп, бiрегейлiктi қалыптастырады, көптеген iс-әрекеттердi табысты үйлестiруде маңызды рөл атқарады (Nationalism and the Public Sphere, желтоқсан, 2019). Дегенмен ең сенiмсiз және беделсiз ақпарат көздерi өз жаңалықтарын iрi желiден немесе газеттен ала алатын көрермендердi қызықтырады, сондықтан беделдi жаңалықтар «жалған жаңалықтар» деп аталатын қастық теоретиктерiмен және жеткiзушiлерiмен бәсекеге түседi (Future Challenges for Journalism). Сондықтан, жаппай жаһандану кезеңi ХХI ғасырдағы журналистиканың басты iздену функциясына: түрлi ғаламдық мәселелер, қоршаған ортаны қорғау, лаңкестiк оқиғалар, миграция, демографиялық өсiм, халықаралық саясат секiлдi бағыттар серпiн бердi. Журналистика мемлекеттер мен халықтардың тығыз байланысуына аса белсендi ықпал еттi, баспасөз, сондай-ақ электронды бұқаралық ақпарат құралдары ықпалымен iскерлiк пен мәдени ынтымақтастықтың жаңа мүмкiндiктерi ашылып қоймай, оны арттырудың түрлi жолдарын баспасөзде талқыланды. Жалпы, ақпарат таратудың кенiшi – бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты «саяси қызметтiң қаруы», «төртiншi билiк тұтқасы», «қоғам өмiрiнiң айнасы» деген атаулардың берiлуi оның қоғамдық игiлiктер мен қоғамдық институттар арасындағы байланысын, ерекшелiктерiн, өзiндiк аспектiлерiн қарастыруды талап етедi. Егер БАҚ-тың соңғы оншақты жыл көлемiндегi ақпарат та-

рату бедеріне, шығармашылық-насихаттық табиғатына, идеологиялық атқарған қызметіне, күнделікті жаңалықтардың тақырыптары мен мазмұнына зер сала қарасақ, жоғарыда айтылған пікірлердің ғылыми негізі бар екендігін қапысыз барлаймыз.

Материал мен әдістер

Саясат пен идеологияны сөз еткенде, алдымен, саяси-ақпараттық, экономикалық, мәдени-рухани, идеологиялық процестердегі журналистиканың қызметін талдап, оның функциясы мен ақпараттық саясатын жіті сараптаған дұрыс. Себебі, саяси журналистика – бұл саясат пен саясаттанудың барлық аспектілерін қамтитын журналистиканың кең саласы (Political journalism). Соған қарамастан, саяси талқылаулар осы уақытқа дейін журналистика жаднамасында жеткіліксіз болып келді (Democracy without Journalism?). Қазақстанның ақпараттану ғылымының белді өкілдері және ТМД ғалымдары жариялаған еңбектер БАҚ пен идеология арақатынасын анық тануға мүмкіндік береді. Отандық газет-журналдардағы ақпараттық-идеологиялық саясаттың қалыптасуы мен проблемалық мәселелерін: Е.П. Прохоровтың «Введение в теорию журналистики», Ғ.Ж. Ибраеваның «Политика и телевидение», К.С. Гаджиевтің «Политическая наука», С.Қ. Қозыбаевтың «Крах и новые нитки СМИ Казахстана в мировом коммуникативном пространстве», Я.Н. Засурскийдің «Основные понятия журналистики», А.С. Сәрсенбаевтың «Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдарындағы демократия жүйесінің қалыптасуы» атты ғылыми диссертациялық, публицистикалық еңбектеріне иек арта талқылауға болады. Ғалымдардың қай-қайсысы да БАҚ-тың қоғамдық-саяси өміріміздегі, мемлекет саясатындағы алар орнын білгірлікпен талдап, еңбектерінде кесімді ғылыми пайымдарымен танылады. Мысалы, саясаттанушы К.С. Гаджиев кітабында: «БАҚ – шығармашылық пен саясаттың синтезі болып қана қоймайды, ол «төртінші биліктің қосалқы элементі» деген пікірі арқылы қоғамдық институттардың бастамашыл шешімдерін таратудағы мән-маңызына оқырманның зейінін аударады. Бұқаралық ақпарат құралдарын басқару аппаратындағы қосалқы элемент деңгейіне жеткізу арқылы мемлекеттегі әлеуметтік проблемалар жарасын жеңілдетіп, оның шешімін табуға журна-

лика саласын ықпал ету қажет екендігін дәйектейді. (Гаджиев К.С., 1995, 252). Автордың ғана емес, қоғамтануды бағамдап жүрген бүгінгі таңдағы көптеген саясаткерлердің пікірі осыған саяды. Өйткені, біздің республикамыздың демократиялық өсу деңгейі, қоғамдық келісім орайындағы даму сипаты БАҚ-тың даму деңгейімен иықтас өсіп, жыл сайын жанданып келеді. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның негізін қалау – азаматтық қоғамның үлгісінде қалыптасуы қажет (Central Asia Monitor, желтоқсан, 2019) еді, демек, газет-журналдардағы ұлттық идея тақырыбын қаузау, ең алдымен, мемлекет үшін азаматтық қоғамды қалыптастырумен, индивидтік танымды шынайы демократияландыру және мемлекеттік процестерді назарға алып, экономикалық-әлеуметтік бірегейлік дағдарысынан аттап өтумен байланысты болуы тиіс еді. Бұл негізде, тәуелсіз басылымдардың дүниеге келуі, жаңа республика қоғамындағы көппартиялану үрдісінің өрістеуі, жекеменшік теле-радио компанияларының құрылуы қоғамдық сананы жаңа сапалық деңгейге, жаңа белеске көтерді. БАҚ-тың ақпарат тарату ауқымы артып, даму мүмкіндігі жоғарылады, іс жүзінде мемлекеттік аппарат пен биліктің саясатына ықпал ететін негізгі күшке көше бастады. Осы тұста журналистиканың саяси сахнадағы рөліне баға беріп жүрген ғалым Е.П. Прохоровтың «Қоғамдық пікірді қалыптастыра білетін БАҚ-тың биліктегілердің таңдау құқығына әсер етуі мүмкін, тіпті олар билік басына оппозициялық күштерді алып келуі де ғажап емес (Прохоров Е.П., 1995, 79)» деген пікірдің шынайылығы әлем саясатындағы өзгерістер арқылы дәйектелді. Отандық қайраткер, саясаттанушы А. Сәрсенбаев өтпелі кезең тұсындағы төртінші биліктің ақпараттық кеңістіктегі алар орнына нақты сипаттама береді. Демократиялық қоғам құру күресі жүргізілген уақыттағы баспасөз өкілдерінің, БАҚ-тың атқарар қызметі, алар орнына назар аударды. Демократиялық қоғам құруға деген талпыныс, мемлекеттегі орын алған жағдайлар, жаңа дәуір талабына сай редакциялық қызмет үйлестіруге, жандандыруға деген талпыныс – қазақстандық БАҚ-ты тұтастай әлеуметтік, саяси институт ретінде қалыптастырды. Саяси институттың, парламентаризмнің өз қызметін жүзеге асыруының реті мен тәртібін анықтайтын қатынастар тікелей БАҚ насихатына мүдделі екендігі анық байқала бастады.

Өйткенi, парламентаризм – қолда билiгi бар мемлекет құрылымдарының басты формасы болып табылмайды, оған қол жеткізіп, жүзеге асырудың әдісіне жатады. Бұл ғана емес, газет-журналдардағы шығармашылық туындылар әлеуметтану мен саясаттанудың қайнар көздеріне айналды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының өзінде-ақ БАҚ әлеуметтің мәселелер төңірегіндегі халықтың көзқарасын, көңіл-күй ауанын, болған оқиғаның жай-жапсарын, себеп-салдарын арқау етіп қана қоймай, қоғамдық пікір қалыптастырудағы негізгі тетік, жетекші құрал болып танылды. Баспасөздегі ұлттық идея – сыни дағды мен ұлттық сана өрісіндегі автордың азаматтық көзқарасы төңірегінде қалыптасты.

Ғылыми әдіснама

Ұлттық намыс, адами құндылықтар мен тіл мәселесі – ұлттық идеяның ерекше аса бір маңызды тарауы. Бұл пікірімізді, 1991 жылдан бері жарыққа шыққан материалдардың негізгі мағынасы мен тарихи маңызы айқындай түседі. Мысал ретінде айтар болсақ, жалынды публицист әрі жігерлі жазушы Шерхан Мұртаза мен зерделі публицист, өнертанушы Камал Смаиловтың «Егемен Қазақстан» парақтарында оқырманға жеткен «Елім, саған айтам, елбасы, сен де тыңда!» эпистолярлық хаттары мемлекеттік саясаттың бағдары ретінде баспасөз беттеріндегі ұлттық идеяның нақты анықтамасын таныта білді. Дәлел ретінде: «Елге оралған ағайынға жылу беру – ата-бабамыздың адамгершілік дәстүрі. Жылу беру – қайыр-садақа емес, ағайынның жанын жылыту, ұясын жылыту деген ұғым. Сонда ертең сен жаурасаң, ол сені жылытады. Ұлттың бірлігі, бауырмалдығы осындайдан құралады (Шерхан ағаның шері, қаңтар, 2019)» – дейді басылым бетінде хат алысқан қаламгерлер.

Ұлттық идеядағы бірлік тұжырымдамасы қазақстандық қоғамды шоғырландыру, қазақ халқының ұлттық жаңғыруы және мемлекетті бәсекеге қабілетті және гүлденген мемлекетке айналдыру талаптарының баспасөз беттерінде осылайша сөз болуы оның реалистік болмысын ажарландырып, халықты жаппай келер күннің баяндылығына иландырады.

Осы секілді консолидациялық міндеттерді арқау еткен ұлттық идея – ұлттың жоғары идеалын, ондағы еркіндік пен теңдікті, перспективалық тарихи мақсаттарды, тілектер

мен үміттерді ортақ түрде визуализациядан тысқары сипатта сөз етеді, суреттейді.

Жалпыұлттық мүдделер мен аудитория сенімінің көрінісі, оны жүзеге асыру бүкіл ұлт қызметінің нәтижесінде жүзеге асатын міндет. Жаңа кеңістіктегі ақпараттық саясат, баспасөз беттеріне жүргізілген шолу, сараптамалық-танымдық, әлеуметтік-саяси туындылар билік басындағылар мен қайраткерлердің назарын аудартпай қоймайды, тың шешімдер қабылдап, қоғамның дамуына тікелей әрі жанама әсер етеді. Бұл тұрғысында мемлекеттік қызметкер, журналист және саясаткер Мұхтар Құл-Мұхаммед: «Мемлекет пен бұқаралық ақпарат құралдары бір-бірін қолдай отырып дамиды (Бұқаралық ақпарат құралдарының теориялық-методологиялық негіздері, желтоқсан, 2019)» деген орынды пікір айтады. Сондықтан, өткір тілді, кәсиби маманның шынайы объективті сыны мен сараптамасына негізделіп құрылған қазақ тілдегі баспасөз материалдарының сапалық дамуы – мемлекеттік саясат пен ұлттық идея арнасын кеңейтетін бірден-бір жалқы фактор ретінде көзге түседі. Ал «Халық кеңесі», «Президент және Халық», «Егемен Қазақстан», «Айқын» тағы да өзге мемлекеттік басылымдардың редакциялық жоспары мемлекеттік саясаттың ыңғайында ұйымдастырушылық-насихаттық ақпарат таратудан тұрады. Журналистика теоретигі У. Липпманның зерттеуіне сәйкес, кез келген ақпарат, атап айтқанда, саяси сипаттағы ақпарат вербалды, визуалды және күнделікті оқиғалар арқылы баспасөз беттерінде рәсімделеді (Lippman U., 2004). Баспасөздегі саяси карикатуралар, саяси дайджест, саяси сипаттағы мақалалар, жаңалықтар тәртібінде ұсынылған оқиғалық және визуалды, тіпті, аса қарапайым мысалдардың өзі редакцияның шығармашылық өнімінің молдығынан хабар береді. Қазіргі Отандық баспасөз саясат бойынша мемлекеттің халықаралық байланыстарынан бастап, күн тәртібіндегі өзекті тұрған тұрмыстық кілттипандардың саяси астарына дейінгі аралықты қамтуда. Оның үстіне 2002 жылғы Алматы қаласында өткен Дүниежүзілік журналистердің медиа-форумы бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық-саяси өмірдегі маңызды саяси науқанға ықпал ете алатындығын көрсетті. Соның ішінде, баспасөзге деген ерекше ықылас, оқырман назарына орайласқан тенденция – халықтық ниет-пиғылдан келіп шығатын пікір-түйіндер нәтижесінен

тұратындығымен құнды. Мемлекеттің саяси өмірінің: а) ақпаратты таңдау және түсініктеме беру; б) саяси әлеуметтену; с) қоғамдық пікірді қалыптастыру (Современные СМИ как инструмент политической социализации молодежи, қаңтар, 2019) секілді БАҚ функциялары саясат пен қоғам дамуына, елдік мүддеге қатысы ақпарат таратудың категориялары ретінде айқындағанымен, теле-радио, электронды медиа мен әсіресе, баспасөздің әр жерде өзіндік ерекшелігі, ішкі қағидалары болатынын жоққа шығару мүмкін емес. Қай елдің бұқаралық ақпарат құралдары болмасын, олар әлемге ортақ ұстанымдармен бірге елінің конституциясына және жекелеген заң актілеріне сүйенеді. **Әдебиетке шолу.** Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызын елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының ұжымымен кездескенде айтқан: «БАҚ-тың күші – Әскери қарулы күштерден кем емес (Назарбекова М. Г., 2014)» деген пікірмен нақтылайды. Осыған қарап, тәуелсіздік алған кезеңде, экономикалық, әлеуметтік, нарықтық байланыстар беки бастаған жаңа қоғамда мемлекеттік саясат пен идеологияны арқау еткен баспасөздегі тақырыптар легінің үш кезеңін аңғаруға жіктеуге болады. Олар:

Бірінші кезең. Бір ғана идеологияның құзырында, болып келген біртұтас ақпарат құрылымы мен жүйесінің тарап, ыдырауы және идеялық түгесіліп, қаржылық тоқырауға ұшырап, жаңа бағыт-бағдар табу кезеңі. Тәуелсіздік идеясы мен ұлттық сана қисынындағы ақпараттардың баспасөзде қылаң қаулап бере бастауы.

Екінші кезең. Ақпарат әлеміндегі медиа-холдингтер мен редакциялардың, басылымдардың мемлекеттік және жекеменшік түрінде қайтадан қалыптасып, кәсіпкерлік баспасөздің құрылуы. Баспасөзде жарық көрген журналистер, кәсіпкерлер, ақын-жазушылар мен саясаткерлердің мемлекетшіл ұстанымдары.

Үшінші кезең. Мемлекетіміздегі экономикалық-әлеуметтік, мәдени реформалардың тереңдеуіне орай әлемдік ақпараттың республиканың эфирлік-публицистік кеңістігіне енуі және Қазақстанның ғаламдық ақпарат айдынындағы ұлттық идеологиясын барынша танытуы, мемлекеттік саясатын насихаттау ерекшеліктері.

Қазақ халқындағы ұлттық идея концептісі өте ертеден қалыптасып, біздің кезеңімізге өз мазмұнын жоғалтпай жетті. Оның бастаулары Түрік қағанаты замандағы «Күлтегін» жырынан сыр шертеді. Көктүріктер дәуірінің ойшыл-

данасы Тоныкөктің «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені (БІРЛІК ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 25 ЖЫЛЫ, қаңтар, 2019)» тастағы жазуда паш етіледі. Шүкір, «Мәңгілік елді арманының берік тұғырына айналдырған бабаларымыз жыр-өсиет етіп қалдырған аталмыш «Күлтегін», «Білге-Қаған», «Тоныкөк» тасқа қашалған мәңгілік ел ескерткіші болып бізге біршама түгел күйінде жетті (Әбдиманұлы Ө., 2016, 103)». Тасқа қашалған баға жетпес мұраларымыздағы ұлттық идея мұраты тәуелсіз қазақ баспасөзіндегі «Мәңгілік Ел» тақырыбына келіп, жалпыұлттық сипатта жалғасын тапты. Мәңгілік ел – ата-бабамыздың ұлы арман-мүдделері (Ustaz university, 2019). Ғалым, филология ғылымдарының докторы, зерттеуші-профессор Сартқожаұлы Қаржаубай ағамыздың «MANGI EL» атты дүниежүзіне тарайтын тарихи әрі ғылыми-көпшілік журналында: «Мәңгілік ел – заманында үш бірдей қағанның кеңесшісі болған түрік жұртының атақты данагөйі Тоныкөк негізін қалаған идея (Сыдықов Е., 2013, 20-21)», деп атауы бекер емес. Дегенмен, қазақ хандығы этникалық таптасып, ұлт ретінде қалыптасқан заманнан кейінгі баспасөзіндегі ұлттық идея тақырыптары алғаш «Қазақ» баспасөзінде ұшыраса бастады. «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы – ұлттық идеяны орнықтырып, қазақ азаматтары, халық өкілдері танымындағы саяси сананы жаңартудың киелі ошағы болды. Журналист, дарынды жазушы Жүсіпбек Аймауытов газеттің қызметіне: «Ұлтымыз бар екенін, еліміз-жұртымыз бар екенін, жұртымыз қатарға кірмей, теңдік жоқ екенін... сезгелі, «ұлтқа құрмет қылайық» дегелі бес-алты-ақ жыл болды. Әрине, бұл оянуға 1905 жылғы толқын, тағы әртүрлі түртікілер қамшы болған шығар; көбінесе ес кіргізіп оятуға, ұлтты танытуға себеп болған – «Қазақ» газетасы (Аймауытов Ж., 1913)» – деп баға береді. Алашшыл саясатты қолдаған басылым 1917 жылы 24 маусымдағы санында Алаш партиясының бағдарламасын қайраткерлер Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Есенғали Тұрмағанбетов, Елдес Ғұмаров, Ғабдулхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжановтың қолтаңбасымен жариялап, Алаштан шыққан зиялы қайраткерлердің сансалалы әрі тынымсыз жүйелі ізденістерін, ортақ көзқарастарын, ұлттық сананы, қазақы педагогиканы дамытып, күшейтіп, халықты өткен ғасыр өткелегінде қауіп-қатер мен қараңғылықтан

сақтауда ықпалды болды. Алаш зиялыларының өзі ұлттық идеяның қандай тарапта өріс алып, қай бағытта қалыптасуы қажет екендігін көрсетіп берді. Мысалы, 1913 жылы «Қазақ» басылымының ең бастапқы нөмірлерінің бірінде жарияланып, қазақ халқының бастан кешкен ауыртпалығы мен тарихы турасында жазылған мақалада «Қазақ ішінде әр үйдің отағасысы, әр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре. Бұрынғы өткен-кеткеннен естіген, білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырды» деп ұлттық тәрбие тұрғысындағы әрбір шаңырақтың жауапкершілігі мен ата-ананың міндетін атап көрсеткен. Рас, әрбір қоғам мүшесінің ұлтының, елінің алдындағы перзенттік міндеті, сөзсіз отбасындағы тәрбиеден бастау алады. Дәстүрлі этнопедагогика арқылы ұрпақтың санасын, ой-өрісін қалыптастыру перзент тәрбиелер әр мемлекетке ата-ананың тигізер пайдасы болып есептелмек. Рухани сана – әлеумет алқабындағы ұлт бітімінің және ел мүддесінің сұраныстарына сай жалған мен ақиқатты ажыратып, ел ішіндегі мығым дарын иелері мен білімділерін шығарып, оларға бағыт-бағдар сыйлайтын ерекше құндылық. Осылайша, «Қазақ» әрбір шыққан жаңа санында қазақты адамгершілікке, рухани жақындыққа, еңбекқорлыққа, озық парасатқа тәрбиеледі. «Қазақ» алашшыл саясатты жүргізудегі үгіт-насихаттық қызметімен, ел арасына ресми түрде ұлттық идеяны ұғындыруымен жетекші басылымға айналды. Қайраткерлер газеттің №1 санында «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет егемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік», – деу арқылы оқырмандарға ой туындатып, пікір қалыптастыруда үлкен философиялық мән-мағына және берік іргелі ел болуға деген ұлттық мұрат идеясы бар. Бұл реттегі Ұлттық идея – ұлттық айтулы да маңызды тарихи шақта өзін өзі табуынан, тануынан байқалатын ұлттық санада айрықша маңызға сұранған көзқарастардан тұрады. Профессор, алаштанушы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Қойгелдиев: «Осы уақытқа дейінгі тарих және басқа қоғамдық ғылым салаларында қазақ оқығандарының советтік кезеңдегі қызметіне баға беруде негізге алынған өлшем – олардың болшевиктер идео-

логиясын қабылдауы немесе қабылдай алмауы болып келді. Ал олардың ағартушылық идеологиясына иек артуы, қоғамдық даму мен өзгерістерге осы көзқарас тұрғысынан қарауы сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамының жалпы даму деңгейін, ішкі талап-тілегінен туындаған толық негізді құбылыс екендігі есепке алынбады. Бұл партиялық ұстанымдағы тарихшылар үшін Қазақстан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар қоғам емес, бар болғаны империяның артта қалған болар-болмас өзгешелігі бар шет аймағы ғана еді. Қазақ оқығандарының дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталды», – дейді. (Қойгелдиев М., 2019 ж.) Қазіргі зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса мән береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуді, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы жалпақ әлемге жар салуы (Саяси түсіндірме сөздік, 2007). Ұлттық мәдениет пен ұлт интеллигенциясы сарбаздарының кейінгі буынға жолдап, жеткізіп отырған рухани әрі әлеуметтік қызметінің мәнін ұлықтау – кезек күттірмейтін мәселе. Ұлттың өзін өзі тануында және оны өзге қауымдастыққа айқындаудағы жетекші ерекшеліктер ақпарат арнасы – баспасөз беттерінде әлеуметтенуімен маңызды құбылыс болды. Рухани байлықтар тоғысындағы түсініктер баспасөз беттерінде алғаш жарық көрді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ғалым Кемеровский өз еңбектерінде ұлттық идеяның философиялық анықтамасын ұсынады. «Ұлттық идея – бұл өзінің супермеморальды өмірінде ұлттық сананы жүйеленген жалпылау, көбінесе әлеуметтік-философиялық немесе саяси мәтіндер, өнер туындылары түрінде ұсынылған. Тиісінше, ұлттық идеяда білдірудің екі әдісі де болуы мүмкін: рационализацияланған әдіс және бейнелі-типтік. Ұлттық идеяның мәні берілген этностардың өмірін түсіну проблемасын туғызады» – деп тұжырымдайды талантты ғалым. Мемлекеттік (партиялық) саясат пен ұлттық идеяны таныту, жариялау, насихаттау қазақ газет-журналдарында әлдеқашан жүзеге асты, Қазақ баспасөзінде толыққанды түсіндіріп, ұлттық идеяны өз қаламына арқау еткен шығармашылық адамдары: жазушылар мен ұлт қайраткерлері болды. Журналист,

ғалым Амангелді Кеңшілікұлы «Қазақты сүю» кітабында: «Неге тар қапас заманда туған Ахаң мен Жаяндардың ұрпақтары шетінен асқар таудай биік? Неге тәуелсіздік дәуірінде туған біз сонша аласамыз? Неге қылышынан қан тамған өліарада туған олар тек ірі мақсатты аңсады? Неге егемендігімізге қол жеткізген біз ұсақ тірлігімізді күйттеп кеттік? (Кеңшілікұлы А., 2008, 143)» - деп өткір пікір білдіреді. Яғни, қазақ баспасөзіндегі ұлттық идея тақырыбының тарихи хронологиясы уақыт пен кеңістік жағынан аса ауқымды.

Басылымның бағыт-бағдары, мазмұны, стилистикасы т.б. қасиеттері шығарушы мекемеге немесе бас редакторға, оқырмандардың белсенділігі мен журналистер мен жазушылардың азаматтық айқын үніне байланысты болатыны белгілі. Егемендік алған жылдардағы қазақ баспасөзінде біртұтас ұлт болу идеясын жақтап, жалынды көзқарастарымен көзге түскен Герольд Бельгер болды. Ол «Идеология дегенді ұмыттық-ау, ағайын!» деген мақаласында: «Тәуелсіз ел болған соң, дербес мемлекет атанған соң, идеология болуы керек. Идеологиясы жоқ елдің, халықтың, ұлттың несі ел, несі халық, несі ұлт? (Саматқызы С., 2010, 3 желтоқсан)» – деп жазды. БАҚ-ты идеология құралы ретінде қолдану – мемлекеттің саяси процестерін барлауға, бұқаралық талқылауға, танытуға мүмкіндік береді. Әлеуметтанушы Эрих Фромм өзінің «Азаттықтан қашу» кітабында (1941) адамның шұғыл қажеттіліктеріне негізделмеген идеялар адамның іс-әрекеті мен оның бүкіл өміріне өте әлсіз әсер ететіндігін атайды. «Идея белгілі бір әлеуметтік топтардың шұғыл психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырған жағдайда ғана тарихтың белсенді күші бола алады (Central Asia Monitor, желтоқсан, 2019)» дейді. Неміс философының бұл сөздері ұлттық идеядан не қалайтынымызды түсіну үшін өте маңызды түсінік. Мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғылымдарының кандидаты Берік Әбдіғалиұлы «Жас Алаш» басылымының 2007 жылғы санында: Қазақи жаңа иденттілікті орнықтыру үшін, алдымен жауапкершіліктің әлеуметтік түрін көтеріп, сезіне алатын зиялы қауым, жаңа элита қажет. Қазақстан мемлекетінің демократиялық бағытта дамуын бұл элита жеке адамгершілік тұрғыдан таңдауға деген бейімділігін көрсетуі тиіс (Әбдіғалиұлы Б., 2007) деген азаматтық пікір білдіреді. Ұлттық идеяны мемлекет, қоғам және жеке тұлға деңгейінде жүзеге асыру Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы

ұлттық стратегияны, қазақи тактиканы танытады. Сондықтан, ұлттық идея мемлекет те, әр адам да қабылдап қана қоймай, күнделікті жүзеге асыратын идея болуы қажет. Баспасөздегі елең-алаң жүрген 2004 жылғы тамызда жарыққа шыққан «Қазақстанская правда» басылымында қайраткер, журналист Мұхтар Құл-Мұхаммедтің аса көлемді әрі ғылыми ортаға ғана емес, көпшілік әлеуметке арналған «Ұлттық болмыстың негізі» деп мақаласы басылды әрі бұл туындыда ұлттық идея тақырыбы ана тілмен байланыстырылды. Автор мынадай түйінді ойлар айтады: «Тіл қашанда ұлттық идеяның басты құрамдасы және мемлекеттік идеологияның негізі болды. Оның үлгілерін қазіргі заманғы тарихтан көптеп келтіруге болады (Құл-Мұхаммедтің М., 2004)». Философия ғылымдарының докторы, профессор Төлеуғали Бурабаев: «Мемлекеттік тіл – «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді... Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Тіл – ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Сонымен бірге, тіл – билік, үлкен саясат («Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы философиялық талдауды қажет етеді, 2015)» – деп қайраткердің пікірін нақтылай түседі. Қазіргі қазақ баспасөзіндегі мемлекеттік саясат пен ұлттық идеяның мәні «Егемен Қазақстан» газетінен анық аңдалады. «Рухани жаңғыру» бағдары, «Ұлы даланың жеті қыры», «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» т.б. мақалатолғамдардың көпшілікке жетуіндегі дәнекерлік қызмет қана емес, «Егемен Қазақстан» ұлттық идея концепциясын талқылау мен мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың алаңына айналды. Отандастардың санасына серпін берген мемлекет басшыларының, қайраткерлерінің баяндамалары мен мақалаларындағы мақсат-міндеттердің жүзеге асуы бас мақала, сараптама, корреспонденция, репортаж, есеп жанрларында басылым бетінде жарыққа шығуда. «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдарға» қатысты мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов: «Мен бұл туралы (Рухани жаңғыру идеясы) өзімнің «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Ойландырады. Іздендіреді. Дамыттырады» деген үлкен мақалада бірталай ой-пікірімді айттым, жаздым. Соның ең негізгісін түйіндеп айтқанда – бәрі ұлттық санаға келіп тіреледі. Оған барлық мемлекет, қоғамдық институттар,

үкіметтік емес ұйымдар, мектептер, жоғарғы оқу орындары, азаматтар жұмылуы керек. Әрбір азамат осыны сезінуі, түсінуі арқылы ұлт санасы да өседі (Сұлтанов Қ., 2017, 7)», – деген қайраткерлік-азаматтық көзқарасын білдіреді. Заманауи шешімдер мен мемлекеттің саясаты – ұлттық идеяның негізгі жаңашыл сипаты, берік сана, тың көзқарастар, ұлттық сапамен өмір сүруге деген ізденістердің шешімі қазақ баспасөзінде жиі ұшырасады. Оған, әсіресе, Серікбай Ораз: «Әлеуметтің әлеуеті – маңызды мәселе», Аида Балаева: «Билік пен бұқара арасындағы ашық диалог – қоғамдық сенімнің негізі», Сейілбек Мұсатаев: «Барын бағалай білгеннің бағы баянды», Сағындық Салмұрзин: «Ел мұраты – мәңгілік ел» (Егемен Қазақстан), «Мемлекеттік газет – ең алдымен мемлекеттік қызметкерлерге керек!», «Ұлттық сезім ұлы істерге бастайды», «Ұлттық идеологияның маңызы – мемлекеттілік» (Жамбыл облыстық «Ақ жол» газеті), «Жастар жылы: барлық салада қолдау көрсету жалғасады», «Болашақ бағдары», «Бабалар аманатын арқалаған» (Жетісу) т.с.с. публицистикалық еңбектері қазақ баспасөзіндегі мемлекеттік саясат пен ұлттық идеяны жүзеге асыру ауанының кеңейіп, оның маңызын арттырады. Зерттеуші А. Чичановский: – БАҚ қоғамның саяси өмірінде маңызды рөл атқарғандықтан, оның өмір сүруіне тікелей қатысы бар, олар саясат жасаушы қоғамда болып жатқан процестер үшін жауап береді. Ал егер солай болса, онда олар бірінші кезекте қоғам мен мемлекеттің мүдделерін басшылыққа алуы тиіс (Чичановский А.А., 1995, 124), – деген пікірді айтады. Баспаөздегі ұлттың имиджі, алғашқы қазақ баспасөзіндегі этноцентрилік қадамдар, этнодоминанттық көзқарас пен жалпыұлттық идея – журналистикадағы қоғам мен биліктің диалогын жандандырып, ағартушылық-насихаттық функция көмегімен медиакеністіктің жаңа трансформациясын жасайды.

Қорытынды. Тұжырым.

Қазір қоғам ақпаратты тұтынудың жаңа сатысына өтті. Уақыт ықпалымен жетілетін бұқаралық ақпарат құралдарының конвергенциясы, жаһандық медиа ағындары, зияткерлік меншік режимі, журналистика мәдениеті мен практикасы және қоғамдық саланы қамтуда (Current Issues in Journalism, Media and Communications). Журналистиканы реформалау талдауды және баспасөзді парақтап бетке оқуды

ұсынумен келеді (Reforming Journalism). Саяси талқылаулар, билік пен бұқара арасындағы өзара байланыс, аудиторияның саяси сауатының артуы қазақ баспасөзіне де жаңаша міндеттер жүктейді. Әлемге танымал American Press Institute-тың зерттеулеріне сәйкес америкалық ақпарат тұтынушылардың 33%-і күні бойы жаңалықтарды қадағалайды. Оның ішінде, таңертең – 24%-26%, күндіз – 4%, ұйықтар алдында – 9%-ы ақпаратқа бас ұрады (American Press Institute, қараша, 2019). Осындай түрлі зерттеулерге назар аудара отырып, жаңалықтардың жаһандық маңызы күн сайын арта беретінін аңғару қиын емес. Жақында америкалық басылым сапалы журналистік контенттерді сақтап қалу оқырманның қолында, сондықтан газеттен қол үзбеу қажет екендігін жариялап, жаһанға жар салды (The need for critical science journalism, 1 қантан, 2020). Бұл өзекжарды ұстанымның біздің мемлекетке де қатысы бар. Қазіргі баспасөз қазақ халқындағы ұлттық идея түпнегізінің рухани қуатын сақтап, оның шашуын шығармай ақпарат негізінде аудиторияға ұсына білуі тиіс. Себебі, жер жүзіндегі әрбір өлке, аймақтың өзіндік ерекшеліктері болады, қазіргі субмәдениеттер тоғысы, үлкен мемлекеттердің шағын мемлекеттерге мәдениет пен өнер, саясат жағынан үстемдігін жүргізуі қазіргі күрделі әлемдік процестің бастауында тұр. Сондықтан, Қазақстандағы ақпарат таратын баспасөз үшін ұлттық идея мен мемлекеттік саясат өзекті мәселе. Адамзат дамуындағы көптеген тарихи оқиғаларды аңдасақ, баспасөз коммуникацияның жай құралы ғана емес, сондай-ақ, экономикалық-саяси қыспаққа алудың, әлеуметтік мәжбүрлеу мен бағындырудың қуатты құралы болғандығын байқаймыз. Қорыта зерделегенде, мемлекеттік саясат пен ұлттық идея – мәңгілік тақырып. Атаулы нысаналар заманның сұранысына, адамзаттың талабына орай жаңғырып, үнемі түрөзгеріске ұшырап отыруы да мүмкін. Алайда, баспасөздегі бұл тақырыптар – мемлекеттің өміршеңдігін көксейтін, болашаққа бастап, келешекке деген нық сенім орнататынын айта кету керек.

Мемлекеттік саясат – халықтың табиғи құндылықтары мен қоғамдық келісім негізіндегі мемлекеттің мәңгілік жасампаздығын сақтайтын, бағдарлайтын ерекше тарихи бағдарлама. Сондықтан, қазақ баспасөзіндегі национализм тақырыптарының ұсынылуы мен өзектілігі артып, мән-маңызы күн сайын тереңдей береді.

Әдебиеттер

- Аймауытов Ж. (1913) Абай журналы, 2 қазан
- Әбдіғалиұлы Б. (2007) Жас Алаш. 19 шілде
- Әбдіманұлы Ө. (2016) «Мәңгілік ел» – ежелден әдебиеттің алтын арқауы // Мақала. Айқап 3(101), Алматы: Қазақ университеті 103-б.
- Гаджиев К.С. (1995) Политическая наука // М: Международные отношения. 252-бет
- Құл-Мұхаммед М. (2004) «Қазақстанская правда»
- Қойгелдиев М. (2019) Алаш қайраткерлерінің азаттық идеясын қалыптастыру қызметі // Мақала, Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 3-б.
- Кеңшілікұлы А. (2008) «Қазақты сүйю» // Алматы: Өнер, ISBN 978-601-209063-5, 143-бет
- Саматқызы С. (2010, 3 желтоқсан) БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы // Мақала.
- Саяси түсіндірме сөздік. (2007) – Алматы, ISBN 9965-32-491-3
- Назарбекова М. Г. (2014) Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы // Материалы 9 международной научно-практической конференции Стратегические вопросы мировой науки, т. 13. Прага
- Lippman U. (2004) Шиеленіскен пікір // Public opinion
- Прохоров Е.П. (1995) Введение в теорию журналистики. – М: Аспект Пресс. 79-бет
- Сыдықов Е. (2013) «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы. – Алматы: «Pride Print» 20-21 бет
- Сұлтанов Қ. (2017) Болашақ – ұлттық санамыздың сапасында // Сұхбат. Айқап, 2(104), Қазақ университеті: 7-6
- Чичановский А.А. (1995) Средства массовой информации и власть // Диалог №№ 5-6. М., 124-б.
- Электронды ақпарат көздері:**
- Nationalism and the Public Sphere(желтоқсан, 2019). Дереккөз:
http://mural.maynoothuniversity.ie/7657/1/GK_Nationalism.pdf
- Central Asia Monitor(желтоқсан, 2019).Дереккөз:
<https://camonitor.kz/index.php>
- Шерхан ағаның шері. (қаңтар, 2019). Дереккөз:
<http://old.baq.kz/kk/blog/462/blog-462-7961>
- Бұқаралық ақпарат құралдарының теориялық-методологиялық негіздері (желтоқсан, 2019). Дереккөз:
<https://stud.kz/referat/show>
- Современные СМИ как инструмент политической социализации молодежи (қаңтар 2019). Дереккөз:
<https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-smi-kak-instrument-politicheskoy-sotsializatsii-molodezhi>
- «БІРЛІК ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 25 ЖЫЛЫ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының БАЯНДА-МАЛІАР жинағы (қаңтар, 2019). Дереккөз: <http://presidentlibrary.kz/sites/default/files/news/sbornik.pdf>
- Central Asia Monitor(желтоқсан, 2019).Дереккөз:
<https://camonitor.kz/31399-v-poiskah-nacionalnoy-idei-dlya-kazahstana.html>
- Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы философиялық талдауды қажет етеді - Бұрабаев Т. (11 қапан 2015) Дереккөз:
https://www.inform.kz/kz/mangilik-el-ul'tyik-ideyasy-filosofiyalyk-taldaudy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev_a2745138
- American Press Institute(қараша, 2019). Дереккөз: <https://www.americanpressinstitute.org/publications/reports/survey-research/millennials-news/>
- Encyclopaedia Britannica (қаңтар, 2020). Дереккөз:
<https://www.britannica.com/topic/publishing/Newspaper-publishing>
- BBC News (желтоқсан, 2019). Дереккөз:
<https://www.bbc.com/news/entertainment-arts-40897967>
- Ustaz university (2019). Дереккөз:
<http://tarmpu.kz>
- National idea, (13 қаңтар, 2020). Дереккөз:
<https://en.topwar.ru/12308-nacionalnaya-ideya-rossii.html>
- Current Issues in Journalism, Media and Communications (қаңтар, 2020). Дереккөз:
<http://www.utas.edu.au/courses/cale/units/hej413-current-issues-in-journalism,-media-and-communications>
- Victor Pickard Democracy without Journalism?: Confronting the Misinformation Society Paperback (2 қаңтар, 2019). Дереккөз:
<https://www.amazon.com/Democracy-without-Journalism-Confronting-Misinformation/dp/0190946768>
- Reforming Journalism. Marvin Olasky 2019 392 pages English. (1 қазан, 2019). Дереккөз: <https://www.amazon.com.au/Reforming-Journalism-Marvin-Olasky/dp/1629956678>
- Five Future Challenges for Journalism.
Дереккөз: <https://www.greatvaluecolleges.net/lists/5-future-challenges-for-journalism/>
- Political journalism.
Дереккөз: https://en.wikipedia.org/wiki/Political_journalism
- Democracy without Journalism?: Confronting the Misinformation Society Paperback. (2 желтоқсан, 2019).
Дереккөз: <https://www.amazon.com/Democracy-without-Journalism-Confronting-Misinformation/dp/0190946768>
- The need for critical science journalism (1 қаңтар, 2020).
Дереккөз: <https://www.theguardian.com/science/blog/2013/may/16/need-for-critical-science-journalism>

References

- Aimaulytov J. (1913) Abai jurnalny: Kazakh gazetasy [Kazakh newspaper]. October 2
- Abdigaliyly B. (2007) Jas Alash: Yltyk ideya ystanymdary [Principles of the national idea]. July 19
- Abdimanyly O. (2016) Maqala: Mangilik el - ejelden adebiyttyn altyn arqauy [Mangilyk el - a work of ancient literature]. Aiqap 3(101), Almaty: Qazaq ynersiteti P 103.
- Gadjiev K.S. (1995) Politicheskaya nauka. M: Mejdunarodnye otnoshenia. [Political science and international relations] P 252.
- Qul-Muhammed M. (2004) Kazhstanskaya Pravda: Yltyk ideologiya [National ideology].
- Kenshilikuly A. (2008) Qazaqsy syiy [Love the Kazakh]. – Almaty: Oner, ISBN 978-601-209063-5, P 143.
- Qoigeldiev M. (2019) Maqala: Alash qairatkerlerinin azattyq ideiasyn qalyptastyry qyzmety [Freedom of activity in forming the idea of Alash figures]. Qazaq kytaby: Alash qairatkerlerinin kitap basy isinin damyyna qosqan ulesi” atty halyqaralyq gylimi-tajiribelik konferensya materialdary. Almaty: Qazaq ynersiteti, P 3.
- Samatqyzy S. (2010) Maqala: BAQ degenimiz – memleketik ideologiya quraly [The media is a tool of state ideology]. Desember 3. Sayasi tusindirme sozdik. (2007) [The media is a tool of state ideology]. – Almaty, ISBN 9965-32-491-3
- Nazarbekova M. G. (2014) Maqala: Qazaqstandagy buqaralyq aqparat quraldarynyn damuy [Development of mass media in Kazakhstan]. Materialy 9 mejdunarodnoi nauchno – prakticheskoy konferensii Strategicheskie voprosy mirovoi nayki, t. 13. Praga
- Lippman U. (2004) Obschestvennoe mnenie [A heightened opinion]. Public opinion
- Prohorov E.P. (1995) Vvedeniye v teoriyu jurnalisiki [Introduction to the theory of journalism]. M: Aspekt Pres. P 79.
- Sydyqov E. (2013) “MANGI EL” halyqaralyq gylimi-kopshilik tarihi jrnaly [Popular science magazine “ Mangilik El”]. – Almaty: “Pride Print” P 20-21.
- Sultanov Q. (2017) Bolashaq – ulityq sanamyzdyn sapasynda. [The future as a national consciousness]. Suhbat. Aiqap, 2(104), Qazaq ynersiteti: P 7.
- Chichanovskii A.A. (1995) Sredstva massovoi informasii i vlasti [The media and the authorities]. // Dialog №№ 5-6. M., P 124.

Electronic resources:

- Nationalism and the Public Sphere (Desember 2019). A source: http://mural.maynoothuniversity.ie/7657/1/GK_Nationalism.pdf
- Central Asia Monitor (Desember 2019). A source: <https://camonitor.kz/index.php>
- Sherhan aganyn sheri. (January 2019). A source: <http://old.baq.kz/kk/blog/462/blog-462-7961>
- Buqaralyq aqparat quraldarynyn teorialyq-metadologialyq negizderi (Desember 2019). A source: <https://stud.kz/referat/show/5938>
- Sovremennye SMI kak instrymnt politicheskoi sotsializatsii molodeji (January 2019). A source: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennye-smi-kak-instrument-politicheskoy-sotsializatsii-molodezhi>
- “BIRLIK PEN JASAMPAZDYQTYN 25 JYLY” halyqaralyq gylimi-tajiribelik konferensiasynyn BAIANDAMALAR jinyagy (January 2019). A source: <http://presidentlibrary.kz/sites/default/files/news/sbornik.pdf>
- Central Asia Monitor (Desember 2019). A source: <https://camonitor.kz/31399-v-poiskah-nacionalnoy-idei-dlya-kazahstana.html>
- Mangilik El” ulityq ideiasy filosofialyq taldaydy qajet etedi - Byrabaev T. (Desember 11. 2015) A source: <https://www.inform.kz/kz/mangilik-el-ulityk-ideiasy-filosofialyq-taldaydy-kazhet-etedi-professor-t-burbaev>
- American Press Institute (November 2019). A source: <https://www.americanpressinstitute.org/publications/reports/survey-research/millennials-news/>
- The British encyclopedia (January, 2020). A source: <https://www.britannica.com/topic/publishing/Newspaper-publishing>
- BBC News (December, 2019). A source: <https://www.bbc.com/news/entertainment-arts-40897967>
- Ustaz University (2019). A source: <http://tarmpu.kz>
- national idea, (January 13, 2020). A source: <https://en.topwar.ru/12308-nacionalnaya-ideya-rossii.html>
- current issues of journalism, media and communication (January, 2020). A source: <http://www.utas.edu.au/courses/cale/units/hej413-current-issues-in-journalism,-media-and-communications>
- democracy without Victor Picard’s journalism?: Confronting the Disinformation society in paperback (January 2, 2019). A source: <https://www.amazon.com/Democracy-without-Journalism-Confronting-Misinformation/dp/0190946768>
- The Reform Of Journalism. Marvin Olasky 2019 392 page English. (October 1, 2019). Source: <https://www.amazon.com/Reforming-Journalism-Marvin-Olasky/dp/1629956678>
- five future challenges for journalism. A source: <https://www.greatvaluecolleges.net/lists/5-future-challenges-for-journalism/>
- political journalism. A source: https://en.wikipedia.org/wiki/Political_journalism
- Democracy Without Journalism?: Resist the Misinformation society in paperback. (December 2, 2019). A source: <https://www.amazon.com/Democracy-without-Journalism-Confronting-Misinformation/dp/0190946768>
- the need for critical science journalism (January 1, 2020). A source: <https://www.theguardian.com/science/blog/2013/may/16/need-for-critical-science-journalism>